



КММ «Ақсу №2 орта мектебі»

Сынып сағаты

Тақырыбы: «Мәңгілік елімнің – мәңгілік тілі»

Сыныбы: 5 «Б»

2020–2021 оқу жылы

Тақырыбы: «Мәңгілік елімнің–мәңгілік тілі»

Мақсаты: Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы терең мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру. Қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін патриот ұрпақ тәрбиелеу

Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақстан – көп ұлт өкілдері мекендейтін мемлекет. Мұндай мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өз жолдауында «Ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деп көрсеткен болатын.

Қазақ тілінің мәртебесін өсіру үшін және мемлекеттік тілімізді қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу үшін елімізде көптеген іс – шаралар жүргізіліп келеді. 22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі. Ең алдымен, бұл барша елге ортақ жалпы халықтық мереке, барлық ұлт өкілдеріне көрсетілген құрмет.

Қазақстанда 100 – ден астам ұлт өкілдері тұрады, әрбір ұлттың ең үлкен, ең негізгі анасы туған тілі болып саналады. Ана тілі – әрбір ұлттың, ұлыстың мақтанышы, көзінің қарашығындай көретін қазынасы, асыл мұрасы.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылы 11 – шілдеде Қазақстан Республикасының Парламенті «Тіл туралы» жаңа Заңын қабылдады. 2007 жыл «Мемлекеттік тіл жылы» деп жарияланды.

Қазақстан қандай мемлекет?

Тәуелсіз

Мәңгілік

Зайырлы



ЛАТЫН
ӘЛІПБИІ
[latin әліпбиі]

Ел – бүгіншіл,
менікі – ертең үшін.

- el – бүгү^ншіл,
meniki – er^тең үш^н.
- A. Bayturs^unulu

«Менің тілім және менің пікірім» Дебат-әңгіме


Қазақстан билігінің латын әліпбиіне көшу туралы саяси шешім қабылдауына заманның талабы ықпал етуі мүмкін бе, әлде үлкен саясаттың мүддесі жетелей ме?

Латын әліпбиіне көшу туралы нақты шешім қабылданатын болса, түркітілдес елдер Өзбекстан мен Әзірбайжанның тәжірибесі ескеріле ме?

Қазақстанның латын әліпбиіне көшуін көпұлтты мемлекеттік өзге ұлттар өкілдері қалай қабылдауы мүмкін?

Миға шабуыл: «Сұрақ- жауап»





«Мәңгілік ел –мәңгілік тіл» идеясы халыққа күн шуағындай нұр сыйлады. Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол – мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Олай болса, ана тілімізді- мәңгілік тіл ету өз қолымызда.

НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

